- Аспап осы пайдалану бойынша Нұсқаулыққа сәйкес мақсаты бойынша ғана пайдаланылуы тиіс.
- Аспапты пайдалануды бастаудың алдында пайдалану бойынша осы нұсқаулықты мұқият оқыңыз.
- Аспапты іске қосар алдында әр кезде оны қарап байқап шығыңыз. Аспаптың және желілік баусымның зақымдануы болған жағдайда аспапты розеткаға қоспаңыз.
- Егер зақымданудың көзге көрінетін белгілері болса, құлағаннан кейін аспапты пайдаланбау дұрыс болады. Пайдаланар алдында аспап білікті маманмен тексерілуі тиіс.
- Егер сіз аспаптың жұмыс істеу қабілетіне сенімді болмасаңыз, оны пайдаланбаңыз.
- Аспап пен желілік баусым олар жоғары температураның, тікелей күн сәулесінің және ылғалдың әсеріне түспейтіндей сақталуы тиіс.
- Жұмыс істеп тұрған аспаптыы қараусыз қалдырмаңыз! Егер сіз аспапты енді қолданбайтын болсаңыз, оны үнемі желіден ажыратыңыз.
- Бұл құрал денелік, жүйке немесе психикалық ауытқулары немесе тәжірибе мен білімнің жеткіліксіздігі бар адамдардың (балаларды қоса алғанда) пайдалануына арналмаған, мұндай адамдарға қадағалау жүзеге асырылатын немесе олардың қауіпсіздігіне жауап беретін адамның осы құралды пайдалануына қатысты оларға нұсқау беретін жағдайларды қоспағанда. Балаларға құралмен ойнауға жол бермеу мақсатында қадағалауды жүзеге асыру қажет.

Назар аударыңыз!
Құралды ванналар, шұңғылшалар немесе сумен толтырылған басқа ыдыстар маңында пайдаланбаңыз. Аспап суға түскен жағдайда оны тез арада желіден ажыратыңыз. Бұл ретте ешбір жағдайда қолыңызды суға салмаңыз. Қайталап пайдаланар алдында аспап білікті маманмен тексерілуі тиіс.

- Ешбір жағдайда құралды суға немесе басқа да сұйықтықтарға батырмаңыз. Аспапты ылғал қолмен ұстамаңыз. Құралға су тиген кезде оны бірден желіден ажыратыңыз.
- Аспапты тек айнымалы ток көзіне (~) қосыңыз. Қосар алдында құралды желіде қолданылатын кернеуге арналған екеніне көз жеткізіңіз.
- Аспап желіге тек жерге тұйықталу ақылы қосылуы мүмкін. Сіздің қауіпсіздіңізді қамтамасыз ету үшін жерге тұйықталу бекітілген электртехникалық нормаларға сәйкес келуі керек. Бейстандартты қуат көздерін немесе іске қосу құрылғыларын пайдаланбаңыз.
- **Кез келген қате қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.**
- Аспапты үй-жайдан тыс пайдаланбаңыз. Аспапты өткір бұрыштарға соғылудан сақтаңыз. Пайдалану аяқталған кезде, құрал сынғанда немесе тазалау кезінде оны үнемі желіден ажыратыңыз.
- Құралды желілік сымнан ұстап, тасымалдауға болмайды. Сонымен қатар аспапты желіден, оның желілік сымынан ұстап, сөндіруге тыйым салынады. Аспапты желіден ажыратқанда оның штепсельдік айырынан ұстаңыз.
- Жинақтың құрамына кірмейтін қосымша аксессуарларды пайдалану сіздің кепілдік құқығыңыздан айырады.
- Пайдаланудан кейін ешқашанда да электрлік қуат көзі желісін құралды айналдырып орамаңыз, себебі уақыт өте келе сымның сынуына әкелуі мүмкін. Сақтау уақытында сымды үнемі түзулеп ораңыз.
- Баусымды ауыстыруды тек қана білікті мамандар - сервистік орталықтың қызметкерлері іске асыра алады. Біліксіз жөндеу пайдаланушы үшін тікелей қауіп төндіреді.
- Аспапқа өздігіңізден жөндеу жүргізбеңіз. Жөндеу тек қана сервистік орталығының білікті мамандарымен жүргізілуі тиіс.
- Аспапты жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер пайдаланылуы мүмкін.

Назар аударыңыз! Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін құралды тұрмыстық қалдықтармен бірге шығарып тастамаңыз. Оны одан әрі кәдеге жаратуға арналған мамандырылған пунктке тапсырыңыз. Сіз осымен қоршаған ортаны қорғауға көмектесе аласыз.

Назар аударыңыз!
Кез келген сипаттағы ақаулықтар пайда болғанда POLARIS Авторизацияланған сервистік орталығына хабарласыңыз.

АСПАП ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША АРНАЙЫ НҰСҚАУЛАР



ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН СУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Бұл аспапта минералды заттары төмендетілген (жұмсартылған, тазартылған) ТЕК ТАЗА АУЫЗ СУЫН ғана пайдалану керек. Кері осмос жүйесімен минералданусыз тазартылған суды қолдануға рұқсат етіледі.

Сусынның қанағаттанарлықсыз дәмдік сипаттамаларын болдырмау үшін Дайындаушы дистилденген суды пайдалануды ұсынбайды.

Назар аударыңыз! Резервуарды толтыру үшін тек таза, суық ауыз суды пайдаланыңыз. Ешқашан да суға арналған сыйымдылықты басқа сұйықтықтармен толтырмаңыз, резервуарға кофені салмаңыз.

- Суға арналған резервуарды **max** белгісіне жоғары толтырмаңыз және су деңгейі **min** белгісінен төмен түспеуін қадағалаңыз.
- Кофе машинасына орнатылған резервуарды ешқашан суға толтырмаңыз, резервуарды толтыру үшін оны сыртқа шығарыңыз.
- Кофе машинасы жұмыс істеп тұрғанда суға арналған резервуардың қақпағын ашпаңыз, резервуарды алып шықпаңыз.
- Жұмыс істеп тұрған кезде кофе машинасын ешқашан назарсыз қалдырмаңыз.
- Аспапты үстелдің жиегінен/жұмысшы беттен мүмкіндігінше алыстау жерге тегіс тұрақты бетке қойыңыз.
- Аспапты қоршаған ортаның температурасы 0 °C-ден төмен болғанда қалдырмаңыз.

Суға арналған резервуарды MAX белгісінен жоғары толтырмаңыз

Аспапты ешқашан сусыз іске қоспаңыз!

Аспапты тұрақсыз беттерге қоймаңыз!

Аспапты ауаның t 0 °C-ден төмен болғанда сақтамаңыз

ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫ

Аспап осы нұсқаулыққа сәйкес тұрмыстық ғимараттың температурасы мен ылғалдылығында тұрмыстық және ұқсас қолдану үшін тағайындалған:

- пайдаланушылардың тұрмыста жеке қолдануына.
- дүкендердің, кеңселердің, фермерлік шаруашылықтар мен басқа да бөлімшелердің қызметкерлері тамақтанатын орындарда
- қонақ үй, отель және басқа да тұруға арналған орындардың тұтынушыларына;
- жатақтар мен таңғы ас үшін арналған орындарда.

Аспап өндірістік және коммерциялық пайдалану үшін, сонымен қатар тағамдық емес өнімдерді өңдеу үшін арналмаған.

Өндіруші қате пайдалану немесе осы Пайдалану нұсқаулығында көзделмеген мақсатта нәтижесінде туындаған шығын үшін жауапкершілік алмайды

АСПАПТЫҢ СИПАТТАМАСЫ

POLARIS PACM 2050SW кофе машинасы қара кофе және сүтті-кофелік сусындарды көпіршіктелген сүт қосу жолымен дайындауға арналған.



❖ *Кофе машинасының бұл үлгісі ұнтақталған кофені қолдамайды*

Басқару панелі



Ескертуші индикаторлар

Кескіндеме	Сипаты	Шешім
	Су жеткіліксіз	Резервуарға су құйыңыз
	Демдеуіш торап орнатылмаған	Демдеуіш торапты орнына орнатыңыз
	1. Қоқыс контейнері толы 2. Тамшы науасы орнатылмаған	1.Қоқыс контейнерін босатыңыз/Қоқыс контейнерін қайта орнатыңыз 2. Тамшы науасын қайта орнатыңыз
	Бүйірлік есік ашық	Бүйірлік есікті жабыңыз
	Судың берілуі бұғатталған	Суға арналған резервуар толғанына көз жеткізіңіз. Кофе машинаны сөндіріңіз және іске қосыңыз

ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ

1. Кофе машинасының корпусынан қаптау материал мен жарнамалық жапсырмаларды алып тастаңыз және аспап корпусын ылғал матамен сүртіп алыңыз.
2. Кофе машинасын тегіс бетке жайғастырыңыз.
3. Резервуарды суға толтырыңыз (судың деңгейі “max” белгіден аспауы тиіс) және оны кофе қайнатқыш корпусына орнатыңыз.
4. Электр қуат кәбілін кофе машинасының артқы бөлігіндегі тиісті ағытпаға қосыңыз және электр қуат айырын розеткаға салыңыз, дисплей жанады, бұл аспаптың жұмысқа дайындығын білдіреді.
5. Жұмысты бастау үшін алдынғы панельдегі батырманы ⏻ ақырын басыңыз.
6. Жүйе кофе машинасының автоматты түрде қыздырылуын және автоматты түрде өзін-өзі тазалауды іске қосады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!!

Кофе машина өзін-өзі тазалау үшін пайдаланатын су (шамаен 50-75 мл) панарелло қондырмасынан да, сондай-ақ сусын шығаратын топтан тамшылар жинауға арналған түпқоймаға ағады. Күйіп қалудан сақтаныңыз. Пайдаланылған су өзін-өзі тазалаудан кейін кәрізге ағызылуға жатады.



7. Тамшыларға арналған түпқоймада кіріктірілген қызыл қалтқысы бар, оның жайғасымының өзгеруі түпқойма толуының деңгейін көрсетеді. Түпқойманың артық толып кетуіне жол бермеңіз және онда жиналған суды уақтылы ағызып отырыңыз
8. Дәндерге арналған шанаққа дәндерді жеткілікті мөлшерде салыңыз. Кофе машинасы жұмысқа дайын.
9. Кофе машинаның сөндірілуі алдынғы панельдегі ⏻ батырманы басу арқылы жүргізіледі.
10. Кофе машинаны сөндіргенде жүйе сонымен қатар автоматты түрде өзін-өзі тазалауды жүргізеді (процесс дәл іске қосқандағы сияқты)

ҚАРА КОФЕ ДАЙЫНДАУ (Эспрессо / Кофе / Американо)

1. Шыны-аяқты сусын беру блогының астына қойыңыз
2. Блоктың биіктігін реттеңіз.
3. Кофе машинаның алдынғы панеліндегі Эспрессо немесе Кофе тиісті батырмсына басыңыз.
4. Сусынның берілуі автоматты түрде басталады.
5. Эспрессо/Кофе дайындаған кезде. Сіз сусынның берілуін тоқтата және болдырмай аласыз. Бұл үшін таңдалған бағдарламаның батырмасына тағы бір рет басыңыз.
6. Классикалық Американо дайындау үшін, Эспрессо немесе Кофе дайындағанға дейін немесе одан кейін Ыстық су батырмасына басу жолымен ыстық судың қажетті мөлшерін құйыңыз

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!!
Ыстық су панарелло қондырмасынан ағады. Күйіп қалудан сақтаныңыз.

Эспрессо - ашық қанықкан дәмі мен тығыз кремі бар сусынның азғантай көлемі.

Кофе - бірқалыпты қанықкан дәмі бар сусынның үлкен көлемі.

Шыны-аяқты сусын беру блогының астына қойыңыз

Блоктың биіктігін реттеңіз
8-ден 14 см дейін.

Басқару панеліндегі (Эспрессо) немесе (Кофе) белгішесіне басыңыз

Сусынның берілуі автоматты түрде басталады



Сусынның берілуін тоқтату үшін – таңдалған бағдарламаның батырмасына тағы бір рет басыңыз

Американо дайындау үшін – ыстық су қосыңыз

Абай болыңыз! Ыстық су панарелло қондырмасынан ағады

СУСЫН ШАҒАРАТЫН ТОПТЫ ТАЗАРТУ

1. Шыны-аяқты сусын беру блогының астына қойыңыз
2. Блоктың биіктігін реттеңіз.
3. Кофе машинаның алдынғы панеліндегі тазарту батырмасына басыңыз.
4. Сусынды шығару тобын тазарту автоматты түрде, су құю тобы арқылы шамамен 100 мл көлеміндегі суды ағызу жолымен басталады.
5. Сіз тазарту кезінде судың берілуін тоқтата және болдырмай аласыз. Бұл үшін таңдалған бағдарламаның батырмасына тағы бір рет басыңыз.

Шыны-аяқты сусын беру блогының астына қойыңыз

Блоктың биіктігін реттеңіз

Тазарту батырмасына басыңыз

Сусын шағаратын топтың тазартылуы автоматты түрде басталады

КӨПІРШІКТЕЛГЕН СҮТТІ ДАЙЫНДАУ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!!

Сүтті-кофе сусында және көпіршіктелген сүтте тұрақты үлпілдек көбік алу үшін майлылығы 1,5%-3,5%, құрамында 3%-дан кем емес мөлшерде ақуызы бар, 5-8°C температураға дейін салқындатылған ультрапастерленген сүтті пайдалануды ұсынамыз.

1. Кішкентай ыдысты алыңыз және онда шамамен 100 мл. сүт құйыңыз.
2. Бу беру батырмасына басыңыз.
3. Кофе машинасы қыздыру процедурасын бастайды. Бұл ретте Бу беру батырмасы жыпылықтайтын болады және жарық индикаторлары бірінің артынан бірі жанатын болады.
4. Қызыдру аяқталғаннан кейін Бу беру батырмасы үнемі жанатын болады.
5. Сүтке панареллоны шамамен 1 см тереңдікке салыңыз
6. Бу беру батырмасына тағы бір рет басыңыз.

<u>Маңызды:</u> егер алдымен батымаға басып, ал содан кейін панареллоны сүтке салсақ, сүт шашырайды!

7. Ыдысты сәл бұрыштап ұстаңыз және панареллоны сүтті қыздыруға арналған ыдыс түбіне түсіріңіз.
8. Сүт қыза бастағаннан кейін панареллоны, оны шамамен 1 см тереңдікте ұстап, сүттің бетіне жақындатып көтеріңіз. Көбіктену процессі басталады.



Ыдысқа шамамен 100 мл. сүт құйыңыз



Бу беру батырмасына басыңыз



Бу беру батырмасы жыпылықтайды. Кофе машинасы қыздыру процедурасын бастады.



Бу беру батырмасы үнемі жанып тұрады. Қыздыру аяқталды.

Сүтке панареллоны шамамен 1 см тереңдікке салыңыз



Бу беру батырмасына тағы бір рет басыңыз

Панареллоны сүт қыздыруға арналған ыдыстың түбіне түсіріңіз



Көбік жеткілікті болғанда – алдымен бу берілуін сөндіріңіз

9. Көлемі өскен сайын панарелло ылғи сүтке батырылығанын, оны бетке қарай бірқалыпы көтере отырып, қадағалаңыз.
10. Температураны қадағалаңыз. Сүт қолдырды күйдірмеуі керек. Егер тым қатты қыздырсақ, онда көбік пайда болмайды.
11. Көбік жеткілікті болғанда, Бу беру батырмасына басу жолымен алдымен бу беруді тоқтатыңыз, ал содан кейін панареллоны алып шығыңыз. Әрекеттердің кері тәртібінде сүт шашырап кетеді және көбіктің ірі көпіршіктері пайда болады.
12. Содан кейін ыдысты тегіс бетке қойыңыз және, беттен айырмай, айналдыратын қимылдармен сүтті сәл шайқаңыз. Егер көбік дайындау барысында ірі көпіршіктер пайда болса, ыдысты үстелге тықылдатыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!!
Сүтті көпіршіктендірген кезде панарелло жоғары температураларға дейін қызады. Күйіп қалудан сақтаныңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
Сүтті көпіршіктендіруді аяқтағаннан кейін панареллоны міндетті түрде тазалау керек.
Бұл үшін панарелло астына бос ыдыс қойыңыз және Ыстық су батырмасын басыңыз.
Панарелло шүмегінен ыстық су мен бу шығатын болады.
Ыстық су және Бу беру батырмалары кезек-кезек жанатын болады, сонымен қатар жарық индикаторлары жыпылықтайтын болады.
Панареллоны тазарту процессі аяқталғанша басқа батырмаларға баспаңыз.

Панареллоны тазарту үшін – бос ыдысты қойыңыз



Ыстық су батырмасына басыңыз



Ыстық су және Бу беру батырмалары кезек-кезекпен жанатын болады

Абай болыңыз! панарелло жоғары температураға дейін қызады

ҰНТАҚТАУ ДЕҢГЕЙІН РЕТТЕУ

POLARIS PACM 2050SW кофе машинасы POLARIS фабрикасынан жөнелтірер алдында әдепкі қалып бойынша эспрессо дайындау үшін дәстүрлі түрде пайдаланылатын кофе дәндерін ұнтақтаудың орташа деңгейіне механикалық түрде бапталған.

Бұл кофе машинасы сусынның дәмі мен басқа қасиеттерімен эксперименттер жүргізуге арналған кең мүмкіндіктерді ашады.

Кофе дәндерін ұнтақтаудың деңгейін реттеу ұнтақтау реттегішін сағат тілі «бағытымен» және сағат тілі бағытына «қарсы» айналдырумен жүзеге асырылады, бұл ретте шанақта кофе дәндерінің біршама мөлшері болуы тиіс.

Реттегішті айналдырғанда айтырлықтай күш салмаңыз және ол шеткі жайғасымдарға жеткенде оны әрі қарай бұрауға тырыспаңыз.

Ұнтақтау деңгейін реттеуді кофе ұнтақтағыш жұмыс істеп тұрған кезде оны таңдалған сусынды дайындауды іске қосқаннан кейін бірден жүргізу керек. Ұнтақтау баптауларын
өзгертулердің әсері реттегеннен кейін дайындалған сусынның екінші шыны-аяғында неғұрлым көп сезінетін болады.

Реттегіш айналуының бағыты	Кофені ұнтақтау деңгейін өзгерту	Нәтижесі	Ескертпе
Сағат тілі бағытына қарсы	Ұнтақтау ұсақтау (fine)	Ұзақ экстракциялау, неғұрлым қанықкан сусын, ұнтақтың кішірек көлемі.	Орташа және ашық қуыратын және/немесе тілде қалатын қышқыл дәмін азайту мен тығыз крем құрауға арналған құрамында Арабиканың мөлшері жоғары блендтерге ұсынылады.
Сағат тілі бағытымен	Ұнтақтауы жоғары (coarse)	Жылдам экстракциялау, теңгерілген сусын, ұнтақтың үлкен көлемі.	Қуырылуы қошқыл және/немесе құрамында тілде қалатын ащы дәмді азайтуға арналған Робуста жоғары көлемдегі блендтерге ұсынылған.

Дәндерге арналған бөліктің қақпағын ашыңыз

Ұнтақтау деңгейін реттегіш

Сағат тілі «бағытымен» немесе сағат тілі бағытына «қарсы» айналдырыңыз

Реттегіш айналғанда айтарлықтай күш салмаңыз

Біраз уақыттан кейін (300-400 дайындалған кофе) кофе тартқыштың бөренелері ағып, ұнтақтау дөрекі болатынын ескеріңіз.

Көрсетілген шыныаяқтар санынан кейін ұнтақтауды төменгі деңгейге келтіруді ұсынамыз («Жетілдірілген пайдаланушыларға арналған ақпарат» бөлімін қараңыз).

Ұнтақтауды басқару тетігін басқаннан кейін оны басып тұрыңыз және ұнтақтағышты сағат тіліне қарсы шамамен 45-90 градусқа бұраңыз. Сіздің талғамыңызға қарай соңғы реттеуді жасаңыз.

ТӘЖІРИБЕЛІ ПАЙДАЛАНУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

Сіз үшін POLARIS PACM 2050SW кофе машинасында ұнтақтаудың кеңейтілген реттеулер мүмкіндігі қолжетімді.

Бұл үшін ұнтақтау реттегішіне жоғарыдан басу және, айналдырғанда айтарлықтай күш салмай, ұнтақтау деңгейін өзгерту үшін оны қажетті бағытқа айналдыру қажет.

Осы опцияны пайдаланғанда, эксперимент жасап және өзіңіздің талғамыңыз бойынша ұнтақтау деңгейін таңдап, ұнтақтау баптауларын айтарлықтай деңгейде өзгертуге болады.

Сізге ұнтақтаудың тым ұсақ немесе тым ірі деңгейін реттегішпен орнатпауды ұсынамыз, бұл сусынның дәміне кері әсер етуі мүмкін (тым қою немесе тым ащы, немесе, керісінше, тым сұйық сусын дайындау).

Тым ұсақ ұнтақтау экстракцияны қиындатады, сусын ыдысқа тұрақсыз бүлкілдегіш ағынмен құйылады. Кофенің дәмі тым артық ащы және күйген болуы мүмкін, әсіресе қошқыл қуырылған дәндер үшін.

Тым ірі ұнтақталғанда экстракция айтарлықтай жылдам орын алады, ұнтақталған кофе таблеткасының толық емес қайнатылуы орын алады. Бұл ретте ұнтақталған кофенің көлемі айтарлықтай жоғарлайды, бұл дайындаған кезде Бұқтыру торапының жұмысын бұғаттап, құрғақ пайдаланылмаған кофенің қалдықтарының Бұқтыру торапынан Кофе қалдықтарын жинауға арналған түпқоймаға түсуіне әкелуі мүмкін. Сонымен қатар осының салдарынан Бұқтыру торапы орнатылған бөлік артық ластануы мүмкін.

КОФЕ МАШИНАСЫНЫҢ ҚОСЫМША БАПТАУЛАРЫ

Порция көлемін баптау

1. Кофе машинаның алдынғы панеліндегі Эспрессо немесе Кофе батырмасын басыңыз және 5 секунд ішінде басып ұстаңыз. Таңдалған батырма жыпылықтайтын болады. Сусынның берілуі автоматты түрде басталады.
2. Қалаулы көлемге жеткеннен кейін бұрын таңдалған батырманы тағы бір рет басыңыз. Кофе машинасы сусынды құюды тоқтатады. Баптаулар сақталып қалады.

МАҢЫЗДЫ!

Эспрессо баптауының рұқсат етілген көлемі 30-дан 80 мл дейін, Кофе 60-тан 250 мл дейін.

Егер пайдаланушы батырмаға ұзақ басқаннан кейін оған қайталап баспаған болса, баптаулар сақталмайды.

Эспрессо немесе Кофе батырмасын басыңыз және 5 секунд ішінде басып ұстаңыз

Таңдалған батырма жыпылықтайтын болады. Сусынның берілуі автоматты түрде басталады



Қалаулы көлемге жеткеннен кейін бұрын таңдалған батырманы тағы бір рет басыңыз

Кофе қоюлығы

1. Күту режимінде батырманы басыңыз және 5 секунд ішінде басып ұстаңыз, индикаторлардың ортаңғысы жанатын болады.



Күту режимінде батырманы басыңыз және басып ұстаңыз

Индикаторлардың ортаншысы жанатын болады

Батырмаларды « - » және « + » сияқты пайдаланыңыз



Баптауларды сақтау үшін батырманы басыңыз

2. Батырманы « - » батырмасын және « + » батырмасын сияқты пайдаланыңыз. Осы батырмалардың көмегімен кофе қоюлығын 1-ден 5 дейінге шектерде реттеңіз (таңдалған мән индикатордың реттік нөміріне сәйкес келетін болады). Онда 1 – әлсіз қоюлық, 5 – күшті қоюлық.
3. Баптауларды сақтау үшін батырманы басыңыз

Кофе температурасын баптау

1. Күту режимінде батырманы басыңыз және 5 секунд ішінде басып ұстаңыз, бес индикатордың ортаңғысы жанатын болады.



К.ту режимінде батырманы басып ұстаңыз


Индикаторлардың ортаншысы жанатын болады

Батырмаларды « - » және « + » сияқты пайдаланыңыз


Баптауларды сақтау үшін батырманы басыңыз

2. Батырманы « - » батырмасын және « + » батырмасын сияқты пайдаланыңыз. Осы батырмалардың көмегімен кофе температурасын 1-ден 5 дейінге шектерде реттеңіз (таңдалған мән индикатордың реттік нөміріне сәйкес келетін болады). Онда 1 – төмен температура, 2 – температура орташадан төмен, 3 – орташа температура, 4 – температура орташадан жоғары, 5 – жоғары температура. Әр қадам 2 граудсқа сәйкес келеді.

3. Баптауларды сақтау үшін батырманы басыңыз

Автосөндіру режимін баптау

1. Күту режимінде батырмаларға бір мезгілде басыңыз

2. Автосөндіру уақытын индикаторлардың жайғасуына сәйкес батырманы « - » және « + » батырманы сияқты пайдаланыңыз

0.5 сағ 4 сағ 8 сағ 12 сағ OFF

3. Баптауларды сақтау үшін батырманы басыңыз

ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ

Кальцисіздендіру

Кальцисіздендіру (қақты кетіру) - міндетті процедура болып табылады және дисплейде оны жүргізу қажеттілігі туралы жүйенің ескертуі пайда болғаннан кейін жүргізілуі тиіс.

МАҢЫЗДЫ!
Кальцисіздендіруден бас тарту кофе машинасының термоблоктарында, калапндарында және құбырларында қақтың артық түзілуіне апарады және, нәтижесінде, аспаптың көптеген тораптары мен компоненттердің істен шығуына әкелуі мүмкін. Пайда болған қақтан туындаған ақаулықтар Кепілдікті міндеттемелер әрекеттеріне жатпайды.

Бұл процедура үшін кофе машиналарды кальцисіздендіруге арналған арнайы Құралдарды пайдаланыңыз.

Назар аударыңыз!!
Кальцисіздендіруге арналған құралдардың құрамында тері мен көзге тітіркендіру әсер ететін қышқылдар бар. Құралдар өндірушісінің нұсқаулықтарын қатаң орындаңыз және кальцисіздендіруге арналған құралдың қаптамасында көрсетілген сақтық шараларын, сонымен қатар тері мен көзге түскен жағдайда шараларды қолдану жөніндегі нұсқауларды сақтаңыз.

Әрекеттер тәртібі:

1. Аспапты қосыңыз.
2. Суға арналған резервуарды босатыңыз.
3. Суға арналған резервуарға MAX белгісіне дейін кальцисіздендіруге арналған құралды сумен араластырып (құралдың қаптамасында көрсетілген пропорцияны сақтаңыз) құйыңыз.
4. Сусын беру блогының астындағы тамшыларға арналған тұпқойманың торына көлемі кем дегенде 1,5 л бос ыдысты орналастыңыз.



Құралды қосыңыз



Суға арналған резервуарды босатыңыз

Суға арналған резервуарға кальцисіздендіруге арналған құралды сумен араластырып құйыңыз

Тамшыларға арналған тұпқойманың торына көлемі кем дегенде 1,5 л бос ыдысты орналастыңыз.

Кальцисіздендіруді қолмен іске қосу

1. Кофе машинаның алдынғы панеліндегі Эспрессо және Кофе батырмасын басыңыз және 5
   секунд ішінде басып ұстаңыз.
2. Жарық индикаторлары кезек-кезекпен жанатын болады. Ал қосу/баптау батырмалары үнемі жанатын болады.
3. Кофе машинасы автоматты түрде кальцисіздендіру процесін бастайды, ол 9 циклден тұрады. Әр циклдің ішінде кофе машинасы сусынды шығару тобынан 50 мл, олардың арасында 3 минуттық үзіліспен, ағызатын болады.
4. Барлық 9 цикл аяқталғаннан кейін қақты кетіру процесі тоқтайды, кофе машинасы жүйені таза сумен жуып-шаю қажеттілігі туралы ескерту береді. Бұл ретте барлық батырмалар мен индикаторлар жанатын болады.
5. Резервуарды құрал ерітіндісінің қалдықтарынан босатыңыз, оны шайыңыз және MAX белгісіне дейін таза сумен толтырыңыз.
6. Кофе батырмасын басыңыз және кальцисіздендіру процесінің жалғасуын іске қосыңыз.
7. Кофе машинасы жүйені таза сумен жуып-шаюды бастайды, процесс шамамен 300 мл таза суды пайдаланумен автоматты түрде аяқталады.

Назар аударыңыз!!
Кальцисіздендіруді процесс толығымен аяқталмағанша тоқтату мүмкін емес. Процесті, тек қана кофе машинасының қуатын сөндіріп (яғни айырды розеткадан суырып алып), тоқтатуға болады.

5 сек. басып ұстаңыз.



Бір мезгілде «Эспрессо» + «Кофе» батырмаларын басыңыз және 5 сек. басып ұстаңыз

9 цикл 50 мл-ден. Аралық 3 мин.

Кофе машинасы кальцисіздендірудің автоматты процесін бастайды

Суға арналған резервуарды босатыңыз және оны шайыңыз

MAX белгісіне дейін таза суға толтырыңыз



Кофе батырмасын басыңыз және кальцисіздендіру процесінің жалғасуын іске қосыңыз

Шамамен ≈ 300 мл. су пайдаланылатын болады

Кофе машинасы жүйені таза сумен жуып-шаюды бастайды. Процесс автоматты түрде аяқталады

Автмоатты түрде кальцисіздендіру

1. Кофе машинасы кальцисіздендіруді автоматты түрде іске қосу функциясымен жабдықталған.
2. 60 литр су пайдаланылғаннан кейін кофе машинасы кальцисіздендіруді жүргізу туралы еске салады.
3. Бұл ретте қосу/баптаулар батырмалары үнемі жанатын болады, ал Кофе батырмасы жыпылықтайтын болады.

1. Кофе батырмасын басыңыз және кальцисіздендіру процесін іске қосыңыз.
2. Кальцисіздендіру процесі жоғарыда сипатталғанға ұқсас жүргізілетін болады.



Демдеу блогын дұрыс орнату және шығарып алу

Пісіру блогын дұрыс орнату және алу бойынша бейне нұсқаулықты төмендегі QR-кодтар арқылы көре аласыз.
Бейнені жүктеп, көру үшін оны мобильді интернетке немесе WIFI-ге қосылған мобильді құрылғының камерасын бағыттау арқылы сканерлеу жеткілікті.

Бейне 1

Бейне 2

Бейне 3

Бұқтыру торабын және бұқтыру торабының бөлігін тазалау

Сізге кофе машинасын үнемі пайдаланғанда Бұқтыру торабын 20-30 шыны-аяқ кофе дайындағаннан кейін, бірақ айына 2 реттен кем емес, тазалауды ұсынамыз.

1. Аспапты сөндіріңіз және оның толығымен суығанын күтіңіз.
2. Бұқтыру торапы бөлігінің есігін ашыңыз.
3. Контейнерді және қалдықтарды жинауға арналған түпқойманы алып шығыңыз және оларды қоқыс салатын шелекке босатыңыз.
4. Бұқтыру торапының жоғарғы бөлігіндегі PRESS пернесін басыңыз, тоарпты тұтқасынан ұстап өзіңізге қарай тартыңыз және оны бөліктен алып шығыңыз.
5. Жаққыштың, ысқыштың және микрофирбаның көмегімен бұқтыру торабын жабысып қалған кофе қалдықтарынан тазалаңыз.
6. Жуғыш құралдарды пайдаланусыз бұқтыру торабын таза суық су ағысының астында жуып-шайыңыз және оны беттеріндегі су тамшыларынан құрғатыңыз.
7. Бұқтыру торабының ішкі кеңістігін жаққыштың, ысқыштың немесе микрофирбаның көмегімен ұнтақталған кофе қалдықтарынан тазалаңыз. Қалдықтарды асүйлік шаңсорғышпен жинауға болады.
8. Бұқтыру торабын бөліктің бағыттауыштарымен орнына қойыңыз және оны бөліктің ішіне бекіткіш шыртыл еткенше оңай жылжытыңыз.
9. Контейнерді және қалдықтарды жинауға арналған түпқойманы орнына орнатыңыз.
10. Бұқтыру торабы бөлігінің есігін жабыңыз.
11. Кофе машинасын іске қосыңыз.

Аспаты ажыратыңыз және оның толығымен сөнгенін күтіңіз



Бұқтыру торапы бөлігінің есігін ашыңыз



Контейнерді және қалдықтарды жинауға арналған түпқойманы алып шығыңыз және тазалаңыз



Тұтқадан ұстаңыз, PRESS батьырмасын басыңыз – өзіңізге қарай тартыңыз



Бұқтыру торабын таза ағынды су ағыншасынының астында жуып-шайыңыз



Бөліктің ішкі кеңістігін ұнтақталған кофе қалдықтарынан тазалаңыз

Барлық бөлшектерді қайта кіргізіңіз, демдеуіш торапты шыртыл естілгенше жылжытыңыз

Есікті жабыңыз, кофе машинасын қосыңыз

Бұқтыру бөлігін тазалауды бұқтырғаннан кейін немесе ұнтақтағаннан кейін онда кофе қалдықтары пайда болуына байланысты жүргізу қажет. Бұл үшін кофе машинасын сөндіру міндетті емес.

1. Бұқтыру торапы бөлігінің есігін ашыңыз.
2. Контейнерді және қалдықтарды жинауға арналған түпқойманы алып шығыңыз және оларды қоқыс салатын шелекке босатыңыз.
3. Бұқтыру торабының ішкі кеңістігін жаққыштың, ысқыштың немесе микрофирбаның көмегімен ұнтақталған кофе қалдықтарынан тазалаңыз. Қалдықтарды асүйлік шаңсорғышпен жинауға болады.
4. Контейнерді және қалдықтарды жинауға арналған түпқойманы орнына орнатыңыз.
5. Бұқтыру торабы бөлігінің есігін жабыңыз.

Бұқтыру торапы бөлігінің есігін ашыңыз



Контейнерді және қалдықтарды жинауға арналған түпқойманы алып шығыңыз және тазалаңыз

Контейнерлерді тазалауды жүргізіңіз

Орнына орнатыңыз, есікті жабыңыз

БАПТАУЛАРДЫ ЗАУЫТТЫҚТАРҒА ДЕЙІН АРЫЛТУ

1. Зауыттық баптауларды қалпына келтіру үшін бір мезгілде Кофе батырмасын және Тазарту батырмасын басыңыз және 5 секунд ішінде басып ұстаңыз
2. Бұл ретте жарық индикаторлары кезек-кезекпен жанатын болады.
3. Жарық индикаторлары жыпылықтауын тоқтатқанын күтіңіз
4. Баптауларды арылту процесі аяқталды.

Бір мезгілде «Эспрессо» + «Тазарту» батырмаларын басыңыз және 5 сек. басып ұстаңыз

РЕТТІ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Кофе машинасының құрамында пайдалану барысында табиғи тозуға ұшырайтын және POLARIS Авторизацияланған Сервистік Орталығында (АСО) ақылы негізде Үнемі Техникалық Қызмет көрсетуді (ТҚК) жүргізген кезде ауыстырылуға жататын компоненттері мен құрамдас бөліктері бар.

Осындай компоненттерге жатады:

- сақиналы төсемдер және бұқтыру торабының басқа бөліктері,
- құбыршектер мен түтікшелер,
- су мен бу жүйелерінің келтеқосықыштары және келтеқұбырлары,
- 5 000 ыдыс сусынын дайындағаннан кейінгі бұқытыру торабы,
- тозуға ұшырайтын басқа бөліктер.

Өндіруші белгілеген ТКҚ жиілігі - 3000 кесе немесе жылына 1 рет, қайсысы ертерек болатынына байланысты.

ТКҚ кезінде ауыстырылатын компоненттердің тізімімен және жұмыстарды жүргізу регламентімен Сіз жүгінген кезде АСО-да таныса аласыз.

Осы компоненттерге Өндірушінің кепілдікті міндеттемелері қолданылмайды, олардың тозу жылдамдығы мен деңгейі кофе машинасын пайдалану және оған күтім жасау жағдайларына байланысты болады.

АСО тізімі www.polaris.ru сайтындағы «Кепілдік және Сервис» тарауда.

ЖИЫНТЫҚТАМА

1. Құрастырылған кофе машинасы – 1 дана.
2. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық – 1 дана.
3. Кепілдік талоны – 1 дана.
4. Кофеге арналған трафареттер – 3 дана.
5. Демдеуіш торапты тазартуға арналған жаққыш – 1 дана.
6. Қаптама (қорап және пакет) – 1 дана.

САҚТАУ

- Пайдаланылмайтын аспап желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
- Судың төгіңіз де, аспапты тазалауды жүргізіңіз, барлық алынбалы бөлшектерді мұқият кептіріңіз. Құралды құрғатып сүртіңіз және құралдың құрғақ, салқын жерде сақталуын қадағалаңыз.

Назар аударыңыз! Кофе машинаның бөлшектерін ыдыс жуатын машинада жууға болмайды!

- **Кофе машинасын жылытылмайтын үй-жайда ауаның теріс температурасында сақтауға тыйым салынады!**
- Электр аспаптары қоршаған ауаның температурасы плюс 40ºС-ден аспайтын, салыстырмалы ылғалдылығы 70%-дан аспайтын және қоршаған ортада электр аспаптар материалдарына теріс әсер ететін шаң, қышқылды және басқа да булар болмайтын жабық құрғақ және таза үй-жайда сақтау керек.



ажыратыңыз, толығымен сууға мүмкіндігін беріңіз. Корпусты сүртіп



Суды төгіңіз және аспапқа тазалау жүргізіңіз, барлық алынбалы бөлшектерді мұқият жуып-шайыңыз және құрғатып кептіріңіз!

Кофе машинаның бөлшектерін ыдыс жуатын машинада жууға болмайды!

ТАСЫМАЛДАУ

Электр аспаптарды нақты түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалдайды. Аспапты тасымалдағада зауыттық түпнұсқа ораманы пайдаланыңыз.
Аспаптардың тасымалдануы оларға атмосфералық жауын-шашын мен жегі орталардың тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

ӨТКІЗУ

Өткізу ережелері белгіленбеген.

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР

Ескерту: *Электр аспаптың пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін оны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамай, ресми жинау пунктіне кәдеге жаратуға жіберіңіз. Осылайша, Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.*

Бұйымдарды кәдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің және қолданыстағы санитарлық нормалар мен қағидалардың талаптарына сәйкес кейіннен кәдеге жаратыла отырып, міндетті түрде жиналуға жатады.

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Мәселе	Себебі	Жою тәсілі
Кофе машинасы іске қосылмайды	Электр қуаттың болмауы	Қуат кәбілін машинаға қосыңыз және кәбіл айырын жерге тұйықталуы бар кернеуі 220В айнымалы ток розеткасына қосыңыз.
Кофе тым баяу үзілмелі жіңішке ағыншамен ағады. Дайындалу тоқтап қалуы мүмкін, ұнтақталған кофе төгіледі.	Ұнтақтау тым ұсақ.	Реттегіштің көмегімен ұнтақтаудың деңгейін орнатыңыз.
	Сусын беру блогындағы бітеліп қалу	Капучинаторды жуып-шайыңыз немесе АСО-ға оны ақылы негізде ауыстыру үшін жүгініңіз.
Сусын дайындалмайды. Дайындалу тоқтап қалады, ұнтақталған кофе контейнерге төгіледі. Бөгде дыбыстар бар	Сусын қоюлығының таңдалған 4 немесе 5 деңгейімен бір мезгілде ұнтақтау тым ірі	Реттегіштің көмегімен ұнтақтаудың деңгейін орнатыңыз. Сусын қоюлығының төмен деңгейін таңдаңыз
Сусынның температурасы тым төмен	Термоблоктарда артық қақ пайда болды	Кальцисіздендіруді жүргізіңіз, мүмкін, бірнеше рет шығар.
	Электр қуат желісінде тым төмен кернеу	Желідегі ауытқулардың себебін жойыңыз.
Кофе қалдықтарына арналған контейнерде су	Өте ұсақ ұнтақтауда сусын қоюлығының тым төмен деңгейі таңдалған	Сусын қоюлығының деңгейін жоғарлатыңыз және/немесе ұнтақтаудың неғұрлым ірі деңгейін баптаңыз
	Бұқтыру торабының сақиналы төсемдерінің тозуы	Авторизацияланған Сервистік Орталыққа ретті техникалық қызмет көрсетуі үшін (ақылы негізде) жүгініңіз
Бұқтыру торабының бөлігіннен бөгде дыбыстар шығады	Бұқтыру торабы ластанған	Бұқтыру торабына тазалау жүргізіңіз
Батырмалар басқанда әрекет етпейді	Жүйелік іркіліс	Желіден ажыратып және қайта қосып, кофе машинасын қайта жүктеңіз
Демдеу блогын бұғаттау	Дұрыс орнатпау	**QR-код бойынша бейнені қараңыз (мольдік құрылғымен сканерлеңіз)**

Сіздің құралды пайдалану кезінде өрттің, электрлік токпен зақымдану немесе жарақат алу қаупінің, сонымен қатар оның сынуының алдын алу үшін осы құралмен жұмыс кезіндегі сақтықтың негізгі шараларын, сонымен қатар электр құралдарымен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларды сақтаңыз.

Назар аударыңыз! Егер Сіз жоғарыда сипатталған қадамдар көмегімен мәселені өз күшіңізбен шеше алмасаңыз, POLARIS авторизацияланған сервистік орталығына хабарласуды сұраймыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

PACM 2050SW– POLARIS сауда маркасының тұрмыстық электрлік кофе машинасы
Қуаты: 1450 Вт
Кернеуі: 240 В
Жиілігі: ~50 Гц
Суға арналған ыдыстың сыйымдылығы – 1,8 л
Қорғаныс класы: I

Ескерту: Өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы осыған назар аударады деп үміттенеді.

СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Бұйым КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты құралдардың қауіпсіздігі туралы», КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі», ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданудағы шектеулер туралы» талаптардың сәйкестігін растау процедурасынан өткен және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттері нарығында бұйымдарды ұстаудың бірыңғай белгісімен таңбаланады.
Сертификат нөмірі/сәйкестік декларациясы мен оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе Өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала саласыз

Бұйымның қызмет көрсету мерзімі: 5 жыл.
Кепілді мерзімі: 36 ай сатып алынған күннен бастап.
Өнім табиғи тозуға ұшырайтын және/немесе қызмет ету мерзімі шектеулі және олардың ресурстары таусылғандықтан жоспарлы ақылы ауыстыруға жататын компоненттерді қамтиды. Өндіруші бұл компоненттерге шектеулі кепілдік береді.
Бұл өнімде мыналар:
- Сусындарды тарату тобына, құбырлар мен бу құбырларына арналған тығыздағыштар - 12 ай.
-Қайнату механизмінің, арматура мен қазандықтың тығыздағыштарын тығыздау – 12 ай.
-Cappuccinatore автоматты (жұмыс ережелерін сақтаған жағдайда) - 12 ай.
- Толық сыра қайнату механизмі және оның бөліктері - 12 ай.
Дайындалған күні бұйымда сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген

Өндіруші: НИНБО ХЭНСФОРТ ОВЕРСИЗ ЭЙША ЛИМИТЕД
Мекенжайы: № 158 Доншан Лю, Хушан Чжидао, Цыси, Чжэзцян провинциясы, ҚХР
Manufacturer: NINGBO HANSFORT OVERSEAS ASIA LIMITED
No. 158 Dongshan Lu, Hushan Jiedao, Cixi City, Zhejiang Province, PRC

Өндірушінің РФ және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттеріндегі Импорттаушысы және Уәкілетті өкілі: "ЭйДжиАй Электроникс", ЖШҚ, Ресей, 115419, Мәскеу қ., Орджоникидзе көшесі, 11-үй, 3-құрылыс, 4-қабат I -үй-жай 13-бөлме, Тел. +7 (495) 419-11-78
Бірыңғай анықтамалық қызметтің телефоны 8-800-700-11-78
Зауытта: NINGBO HAWK ELECTRICAL APPLIANCE CO., LTD - НИНБО ХОУК ЭЛЕКТРИКАЛ АППЛАЙНСЕ КО., ЛТД
Ruifeng Road,East Development Zone,Yuelin Street,Fenghua,Zhejiang,China
ЖУЙФЭН РОУД, ИСТ ДЕВЕЛПМЕНТ ЗОНЕ, ЮЭЛИНЬ СТРИТ, ФЭНХУА, ЧЖЭЦЗЯН, Қытай

КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Бұйым: электрлік кофе машинасы
Моделі: PACM 2050SW

Осы кепілдік бұйымды сатып алудың расталған күнінен бастап 36 ай бойы әрекет етеді және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Кедендік Одақтың мүше мемлекеттерінің Заңдарына сәйкес бұйымға кепілдік қызмет көрсетілуін білдіреді.

1. Өндірушінің кепілдікті міндеттемелері «POLARIS» сауда маркасымен шығарылатын және өндіруші уәкілеттік берген сатушылардан, кепілдік қызмет көрсетілетін елдерде (сатып алу орнына қарамастан) сатып алынған барлық үлгілерге қолданылады.
2. Бұйым пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен талаптарды сақтауға қатаң сәйкестікте пайдаланылуы тиіс.
3. Аспаптың құрамында табиғи тозуға ұшырайтын, шектеулі ресурсы бар және аспапқа ретті Техниикалық қызмет көрсету шегінде ауыстырылуға жататын құрамдас бөлшектер пайдаланылады. Техникалық қызмет Өндірушінің Авторизацияланған Сервистік Орталығында тұтынушы үшін ақылы негізде жүзеге асырылады.
4. Осы кепілдік тауарды тұтынушыға бергеннен кейін пайда болған келесі кемшіліктерге қатысты болмайды:
    - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер ету, бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік ету өнімдерінің бұйымның ішіне түсуінен;
    - Бұйымды оның тікелей міндетінен тыс пайдалануында болатын қате пайдалаылуы, сондай-ақ Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қауіпсіздік техникасы ережелерінің талаптарын бұза отырып, бұйымды орнату және пайдаланудан;
    - Құрамында минералды заттар көп мөлшерде болатын суды пайдалану салдарынан әк шөгіндісі, су тасы мен қақ шөгінділерінен.
    - Тұтынушының бұйымның компоненттері мен жүйелерін үнемі тазалау жөніндегі Өндірушінің талаптарын орындамау.
    - Бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдаланудан;
    - Қалыпты пайдалану, сонымен қатар функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін: сыртқы немесе ішкі беттнің механикалық зақымдануы (майысулар, сызаттар, ескірулер), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде құбылмалы және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ жабынды зақымдалған жерлерде және металдың жабылмаған учаскелерінде металл жемірілуінен;
    - Өңдеу бөлшектерінің, шамдардың, батареялардың, қорғаныс экрандарының, қоқыс жинағыштардың, белбеулердің, щеткалардың және пайдалану мерзімі шектеулі өзге де бөлшектердің тозуынан;
    - Авторизацияланған сервис орталықтары* болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар өндірген бұйымды жөндеуіне;
    - Бұйымның тасымалдау кезіндегі, дұрыс пайдаланбау, сондай-ақ бұйымның конструкциясында көзделмеген модификациялармен немесе өз бетінше жөндеумен байланысты зақымдануларынан.

5. Егер бұйымда паспорттық сәйкестендіру тақтайшасы жоқ болса, немесе ондағы деректер жойылған не түзетілген болса, өндіруше кепілдікті міндеттемелер үшін жауапты болмайды.
6. Бұл кепілдік тек жеке тұрмыстық қажеттіліктерге арналған бұйымдарға жарамды және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсаттарға пайдаланылатын бұйымдарға қолданылмайды.

Назар аударыңыз!! Өндіруші POLARIS бұйымымен адамдарға, үй жануарларына, қоршаған ортаға тікелей немесе жанама келтірілген зиян немесе егер бұл бұйымды пайдалану және орнату ережелерін немесе шарттарын сақтамау, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда мүлікке келтірілген зиян үшін жауапты болмайды.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапаны тексеру, кепілдік және кепілдік жөндеу бойынша барлық сұрақтар бойынша жақын жердегі POLARIS қызмет көрсету орталығына немесе сатушыға – POLARIS өкілетті дилеріне хабарласыңыз

POLARIS бұйымдарына кепілді жөндеуді тек POLARIS Авторизацияланған сервистік орталықтары жүзеге асырады.

* Авторизацияланған сервистік орталықтардың мекенжайлары Компания сайтында: www.polaris.ru

Кепілдік жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күнін растау немесе заңда көзделген өзге де талаптарды ұсыну үшін сізден сатып алу туралы құжаттарды сақтауды сұраймыз.

Мұндай құжаттар болып POLARIS толтырылған кепілдік талоны, кассалық чек немесе Сатушының түбіртегі, Аспаптың атауы мен моделін, сатып алынған күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар табылуы мүмкін.

Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжат ұсынылмаған кезде кепілдік мерзімі бұйым дайындалған күннен бастап есептеледі.

Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасындағы немесе төменгі бөлігінде орналасқан паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген.